

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі *Г. Жанибекова* Г
«4» «09» 2023 жыл

АТА – АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ КЕҢЕСІ

**Қамқоршылық кеңес жұмысының 2023 – 2024 оқу жылына
арналған жұмыс жоспары**

Уақыты	Атқарылатын іс – шаралар	Жауаптылар
Қыркүйек	1. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау: - нормалық талапқа сай сапалы, дұрыс тамактануды ұйымдастыру және бақылауға алу; 2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық - әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру. 3. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы. 4. Сәтсіз отбасылар, қамқорлыққа алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Желтоқсан	1. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау. 2. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру. 3. Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Наурыз	1. Наурыз мейрамдарына концерттік бағдарламалар ұйымдастыру және өткізуге көмектесу. 2. Жұмыстағы жетістіктері үшін мекеме қызметкерлері қатарынан марапаттау кандидаттарын қарау.	Қамқоршылық кеңес мүшелері
Мамыр	1. Жазғы демалысты ұйымдастыру. 2. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жаңа оқу жылына дайындығы (косметикалық жөндеу). 3. Балаларды қорғау күніне арналған мерекені ұйымдастыру және өткізу. 4. Атқарылған жұмыстардың нәтижелілігін қарау, талдау. (жылдық есебі). Келесі жылдық жоспарын міндеттемелер. 5. Жаз мезгіліне топтарды және учаскелерді косметикалық жөндеу туралы жұмыстарды ұйымдастыру.	Қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша ұжымы

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының Хаттамасы № 1

Сызған ауылы

14 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау:

- нормалық талапқа сай сапалы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылауға алу;

2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық - әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру.

3. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығы.

4. Сәтсіз отбасылар, қамқорлыққа алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс.

Тыңдалды:

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жакыпбеков кеңесті ашып, жоспар бойынша кезекті күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау:
- нормалық талапқа сай сапалы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылауға алу мәселесін айтты.

Тамақтану – ағзаның өмірлік қажеттілігі болып саналады. Ол адамды сумен, энергиямен қамтамасыз етеді. Балалар организмі үнемі өсіп, дамып отыратындықтан олардың зат алмасу процестері елеулі өзгерістерге ұшырайды. Балалардың тамақтануының рационалды болуы, тамақтанудың тәртібін дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін. Ол үшін төменде көрсетілген шаралардың орындалуы қажет: мсдбикс ас мәзірін құрастырған кезде мынадай негізгі қағидаларды білуі керек:

1. Тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға және энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия шығыны ұлғаятындықтан, тағам колориясын 10%-ға жоғарылату қажет;
2. Ас мәзірі балалар мекемелерінің қызметінің ұзақтығына байланысты 3-5 ретке есептелінеді.

3. Ас мәзірі әрбір типтегі балалар мен жасөспірімдер мекемелері үшін бекітілген негізгі тағамдардың түрлеріне байланысты жасалады. Ет пен балықтан жасалған тағамдарды таңертеңгі және түскі асқа, ал кешкі асқа сүт, көкөніс және жармадан жасалатын тағамдар ұсынылады. Рационның құрамында күнделікті міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы керек;
4. Ас мәзірі әртүрлі тағамдардан құралады. Бір күндегі тағамдардың түрлері қайталанбауы тиіс;
5. Барлық балалар мекемелерінде, Медициналық Ғылым Академиясының тағам институты жергілікті жағдайларға байланысты ұсынылған үлгі ас мәзірін негізге ала отырып, екі апталық ас мәзірі жасалады. Сонымен қатар «жазғы» және «кысқы» деген тағы екі ас мәзірі дайындалады. Тағам рационының калориясын және химиялық құрамын анықтау, арнаулы кестелер мен балалар тамақтануына арналған нұсқаулар бойынша жүргізіледі;
6. Күнделікті үлгі ас мәзірінің негізінде, құрамында әрбір тамақтану мерзіміндегі тамақтардың тізімі және осы тағамдардың барлығының массасы мен жеке түрлері көрсетілген сұрыптама ас мәзірі жасалады. Сұрыптама ас мәзірінде тамақтанатын балалар мен қызметкерлердің де саны көрсетіледі;
7. Ас мәзірінде көрсетілген кейбір тағамдар болмаған кезде, олардың бірін бірі алмастыра алатын тағамдардың кестесін қолдана отырып, химиялық құрамы жағынан сәйкес келетін тағамдармен ауыстыруға болады;
8. Балалар рационында, ас қорыту органының қызметін жақсарту үшін күрделі тағамдар (қара бидай наны, ботқасы, В тобындағы витаминге бай тағамдар болу керек);

Рациондағы белоктардың меншікті үлесі, жылдың барлық мезгіліне тұрақты түрде болады. Мектеп жасындағы балалардың ас қорыту ағзаларының созылмалы ауруы жиі кездесетіндіктен, бала организміне тағаммен дәрумендер мен минералдар толық түсіп тұруы керек. Сондықтан балаларды жастайынан дұрыс тамақтану тәртібіне үйреткен жөн!,- деп заңдылықтарын айтып өтті. Аталған заңдылықтарға көз жеткізу мақсатында балабақшаның ас мәзіріне бір күн тексеріп және бақылау жасағанын айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың қолымен бекіткен он (10) күндік перспективалық ас мәзірін көрдік. Қоймадағы брутто (шикі өнімдер) өнімдерінің сақталуын, тоңазытқыштағы еттің, сүт – айранның, сармайдың, қаймақ, жұмыртқа, ірімшік, тосап өнімдерінің сақталуын және сақталу мерзімдерін көріп шықтық. Барлығы талапқа сай болып шықты. Сондай – ақ, жасалған ас мәзірі бойынша топтағы балалардың бір күндік тамақтану сапасын, мөлшерін қадағаладық. Барлығы нормаға сай берілген, - деп бақылау нәтижесін айтты.

Тыңдалды:

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков екінші мәселе бойынша балабақшаның 2023 - 2024 оқу жылына бағдарламалық - әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру керектігін сөз етті. Осы мәселе бойынша ақпарат алу мақсатында балабақшаның әдіскері Р. Жылысбаеваға сөз берді.

Тыңдалды:

Балабақшаның әдіскері Р. Жылысбаеваға сөз алды. Балабақшаның 2023 - 2024 оқу жылына арналған бағдарламалық - әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілдік. Атап айтқанда: Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатын алдық. Осы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып жыл бойын жұмыс жасаймыз. Бірақ – та, осы нұсқаулық аясында ата – аналар мен балаларға арналған мобильдік кітапхана бұрышы жоқ. Сондай – ақ, балаларға заттық дамытушы ортаның жетіспеуі, ойыншықтар мен кітаптардың жетіспеушілігі туындап отыр,- деп өз ойын жеткізді.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков осы мәселелерді қолға алу керектігін және кәсіпкерлерді демеушілік жасауға тарту қажет. Әрбір бала – бір жұлдыз. Балалардың қазіргі цифрлық заманда сапалы тәрбие алу үшін жағдай жасау біздің міндетіміз, - деп ойын айтты.

Тыңдалды:

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков үшінші мәселе бойынша балабақша ғимаратының қысқа дайындығы туралы сөз етті. Балабақшаның жылыту пешіне сапалық қатты отын (көмір) болмаса балабақшаны жылыта алмайды. Осы мәселе бойынша өткен жылы ата – аналар білім бөлімінің басшысына балабақшаның ішінің салқын екендігін айтып шағымданған болатын. Жылыту пешінің жағдайы жақсы. Тек осы қатты отын (көмір) мәселесі оңынан шешілсе болар еді. Балабақшаға биылға жылға осы таңға дейін қатты отын (көмір) түсірілген жоқ екенін сөз етті.

Тыңдалды:

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков төртінші мәселе бойынша балабақшадағы сәтсіз отбасылар, қамқорлыққа алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс туралы сөз етті. Осы мәселе бойынша «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиеваға сөз берді.

Тыңдалды:

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиеваға сөз алды. Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша: сәтсіз отбасылар, қамқорлыққа алынған балалар және жетім немесе жартылай жетім балалар жоқ. Топтағы барлық

балалар толыққанды отбасыдан шыққан. Бұл айтылған мәселені «Балапан» кіші жас тобының тәрбиешісі П. Бидаулетовада өз тобында мұндай отбасы жоқ екенін айтып, қолдап қуаттады.

Кенес шешім етті:

1. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау:
 - нормалық талапқа сай сапалы, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру және бақылауға алу мәселесі толық қанағаттанарлық.
2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына бағдарламалық - әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуін қарастыру мәселесі бойынша кәсіпкерлер арасынан демеушілікке тартылсын.
3. Балабақша ғимаратының қысқа дайындығына негіз болған қатты отын (көмір) сапасын жақсарту қарастырылсын.
4. Сәтсіз отбасылар, қамқорлыққа алынған балаларға көмек көрсету жолдарын қарастыру, педагогтармен бірлескен жұмыс сапасы қанағаттанарлық.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



А. Жақыпбеков

Кеңестің хатшысы:



Р. Жылысбаева

**Созак ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай - бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Қамқоршылық кеңес жұмысының Хаттамасы № 2

Сызған ауылы

12 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: балабақшаның қамқоршылық кеңес мүшелері, балабақша
әкімшілігі

Күн тәртібінде:

1. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау.
2. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата - аналардың қатысуын
ұйымдастыру.
3. Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізу

Тыңдалды:

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жәкыпбеков кеңесті ашып, жоспар бойынша кезекті күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша топтардың санитарлық жағдайын бақылау туралы сөз етті.

Балабақшада желтоқсан айында қамқоршылық кеңес тобының мүшелері ас блогының санитарлық - гигиеналық жағдайын бақылау мақсатында тексеру жүргізілді. Балабақша медбикесінің М. Базарбаеваның жүргізетін журналдары, асхана қызметкерлерін қадағалау журналы уақытылы толтырған. Тексеру барысында асхана іші жарық, санитарлық жағдайы ұйымдастырылған және тазалық сақталған. Балабақша асханасына қазіргі заманғы дизайнмен көркемделген «Дұрыс тамақтану» бұрышы жасақталған. Тексеру барысында кол жуғыш құралдарында сабын, гигиеналық заттар түгел болып шықты. Қойма бөлмесінде көкөністер: картоп, сәбіз, пияз - орналасу тәртібі дұрыс жолға қойылып, арнайы жәшіктерге орналастырылған, бөгде заттар анықталмады. Ұн, жарма өнімдері арнайы эмальді ыдыстарға салынып, қақпағы жабылған. Технологиялық құралдары түгел: электрокуатты пеш, жұмыс үстелі жеткілікті. Асханада пышақтар, тақтайшалар толық таңбаланылған; шикі және даяр азық - түліктерге, нан өнімдері мен көкөністерге арналған орындар 1 пайыз уксус ерітіндісімен өңделеді. Шеті сынық ыдыстарды аспазшылар қолданып жүрген жоқ. Бірақ кейбір ыдыстарға арнайы таңба қойылмаған. Ыдыс жуу тәртібі орындалып, ережесі сақталады. Ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық.

Ал топтардағы тазалық гигиенасына келер болсақ, балабақшада 2 топ орналасқан. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.
2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлініпті.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі екен. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады екен. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылыпты. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртілген. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылған. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылған.

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шайды.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады екен.

Еден жуу тәртібі:

1. Таза сумен жуып алады.
2. Сабынды немесе ұнтақ пайдалана отырып жуылады.
3. Дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» пайдаланады.
4. Құрғатып сүртіледі.

Топтардағы қоқыстар күнде уақытында шығарылып тұрады.

Көмекші тәрбиешілердің 3 ауысымда :

1. Ішке
2. Әжетханаға
3. Сыртқа арналған арнайы киімдері бар екен, - деп қорытынды жасады.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков екінші мәселеге тоқталды. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата - аналардың қатысуын ұйымдастыру туралы сөз етті. Биылғы жыл шаруағада, адамғада жылы әрі қолайлы болып тұр. Қыстың енді басталуына байланысты әлі қар молынан жауған жоқ. Алайда алдағы айларды қыс мезгілі болғандықтан қар жауған уақытта балабақшаның ауласын қардан тазалауға ата – аналар белсене қатысады деп ойлаймын. Өйткені осы қамқоршылық кеңес мүшелерінің біршамасы осы балабақшаның ата – аналары. Балалары осы балабақшаға келеді. Бұл жағдай мәселе тудырмайды деп ойлаймын, - деп сенім білдірді.

Тындалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А. Жақыпбеков үшінші мәселеге тоқталды. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарын сәйкес алдағы уақытта балабақшада «Ашық есік күнін» ұйымдастыру және өткізу керектігін сөз етті. Балабақшамызда желтоқсан айының 22 жұлдызыда «Ашық есік күні» ұйымдастырылады.

Ашық есік күнінің мақсаты: ата - аналарға бала тәрбиесінде көмек беріп әрі балабақша жұмыс ретімен танысуға мүмкіндік беру. Балабақшаның, топтың 1 күндік тынысымен танысу.

Ашық есік күні ата - аналар оқу - тәрбие процесін, күн тәртібіндегі барлық оқыту - тәрбиелеу процестеріне қатысып, қадағалайды.

Ата - аналар ашық есік күні өздерінің бос уақыттарына сәйкес келуіне мүмкіндік алады, балаларының дамуы бойынша сұрақтарына жауаптарын алады. Қамқоршылық кеңестің балабақшаға ықпалын көреді. Осы ашық есік күнін сапалы ұйымдастыруды қамқоршылық кеңестің мүшесі

С. Бейбітхановаға және балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваға жүктеймін, - деп кеңесті қорытындылады.

Кеңес шешім етті:

1. Топтардың санитарлық жағдайын бақылау қанағаттанарлық.
2. Қысқы учаскелерді қардан тазалауға ата - аналардың қатысуын ұйымдастыруды қадағалау.
3. Ашық есік күнін ұйымдастыру және өткізуді қамқоршылық кеңестің мүшесі С. Бейбітхановаға және балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваға жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:



А. Жақыпбеков

Кеңестің хатшысы:



Р. Жылысбаева